



Бекітілді:»

«Kids Avenue» жеке балабақша
директор Гаврилина Е.М

2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫСТЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

Мақсаты: Ата-аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, отбасы тәрбиесінің тиімділігін арттыру және балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

№	Іс-шаралар атауы	Өткізу мерзімі	Жауапты
1	Ата-аналар туралы әлеуметтік мәліметтер жинақтау	Қыркүйек	Тәрбиешілер
2	Жалпы ата-аналар жиналысы «Жаңа оқу жылындағы балабақша мен отбасы ынтымақтастығы»	Қыркүйек	Әкімшілік, тәрбиешілер
3	Ата-аналар комитетін сайлау	Қыркүйек	Тәрбиешілер
4	Ашық есік күні	Қазан	Тәрбиешілер
5	Кеңес беру: «Баланың балабақшаға бейімделуі»	Қазан	Психолог
6	Сауалнама жүргізу «Балабақша қызметіне қанағаттану деңгейі»	Қараша	Әдіскер
7	Дөңгелек үстел «Отбасындағы бала тәрбиесі»	Қараша	Тәрбиешілер
8	Мерекелік іс-шараларға ата-аналарды тарту	Жыл бойы	Тәрбиешілер
9	Жеке кеңестер беру	Желтоқсан	Тәрбиешілер
10	Психологиялық тренинг «Бақытты отбасы»	Жыл бойы	Педагогтар, психолог
11	Кеңес: «Баланың сөйлеу тілін дамыту жолдары»	Қаңтар	Психолог
12	Шеберлік сағаты «Ата-ана және бала шығармашылығы»	Ақпан	тәрбиеші
13	Ұлттық мерекелерге ата-аналардың қатысуын ұйымдастыру	Наурыз	Тәрбиешілер
14	Спорттық сайыс «Әкем, анам және мен»	Сәуір	Дене шынықтыру нұсқаушысы
15	Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер көрсету	Сәуір	Тәрбиешілер
16	Сауалнама «Балабақша мен отбасы ынтымақтастығы»	Мамыр	Әдіскер
17	Қорытынды ата-аналар жиналысы «Оқу жылының қорытындысы және жазғы сауықтыру кезеңі»	Мамыр	Әкімшілік, тәрбиешілер
18	Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша нұсқаулық беру	Мамыр	Медбике
19	Ақпараттық бұрыштарды жаңарту	Жыл бойы	Тәрбиешілер
20	Үйде тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңестер беру	Жыл бойы	Тәрбиешілер
21	Отбасыларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету	Қажеттілігіне қарай	Әкімшілік, психолог

№1 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Күні: 26.09. 2025 жыл

Өткізілген орны: «Kids Avenue» жеке балабақшасы

Қатысқандар: 61 ата-ана

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы балабақша мен отбасы ынтымақтастығы»

Мақсаты: Ата-аналарды жаңа оқу жылының міндеттерімен таныстыру, отбасы мен балабақша арасындағы серіктестікті нығайту.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстыру.
2. Балалардың балабақшаға бейімделу ерекшеліктері.
3. Баланың күн тәртібін ұйымдастыру.
4. Қауіпсіздік және денсаулық сақтау мәселелері.
5. Ата-аналар комитетін сайлау.

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ

Жиналысты балабақша меңгерушісі ашып, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Балалардың сапалы білім мен тәрбие алуында отбасы мен балабақшаның бірлескен жұмысы маңызды екендігін атап өтті.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды: Әдіскер Гаврилина Елена Михайловна

Әдіскер ата-аналарды 2025–2026 оқу жылындағы білім беру қызметінің негізгі бағыттарымен таныстырды. Балалардың тұлғалық дамуын қамтамасыз ету, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қауіпсіз және қолайлы орта қалыптастыру, ата-аналармен серіктестікті нығайту мәселелеріне тоқталды. Сонымен қатар, оқу жылы барысында өткізілетін іс-шаралар мен жобалар туралы ақпарат берілді.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды: Психолог Казғалиева Мадина Нурлановна

Психолог балалардың балабақшаға бейімделу кезеңінің ерекшеліктері туралы айтып өтті. Баланың эмоционалдық жағдайына назар аудару, балабақшаға жағымды көзқарас қалыптастыру, тәрбиешімен және құрдастарымен қарым-қатынасын дамыту жөнінде ата-аналарға кеңестер берілді.

3-мәселе бойынша

Тыңдалды: Тәрбиеші Мухамбетжанова Кырмаза Хамидулловна

Тәрбиеші баланың күн тәртібін дұрыс ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталды. Баланың уақытылы ұйықтауы, дұрыс тамақтануы, серуендеуі және демалысы оның денсаулығы мен дамуына оң әсер ететіні түсіндірілді. Ата-аналарға үй жағдайында күн тәртібін сақтауға ұсыныстар берілді.

4-мәселе бойынша

Тыңдалды: Медбике Калиева А

Балалардың денсаулығын сақтау, жеке бас гигиенасын қалыптастыру және қауіпсіздік талаптарын орындау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға маусымдық аурулардың алдын алу, дұрыс тамақтану және қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша ұсыныстар айтылды.

5-мәселе бойынша

Тыңдалды: Ата-аналар

Ата-аналар комитетінің құрамына кандидаттар ұсынылды. Ашық дауыс беру нәтижесінде төмендегі құрам бекітілді:

Төрайымы: Кабиева Жибек Толеухановна

Мүшелері:

Садыр Покиза, Сабитхан Кизи

ШЕШІМІ:

1. 2025–2026 оқу жылының мақсат-міндеттері ата-аналардың назарына алынсын.
2. Балалардың балабақшаға бейімделу кезеңінде ата-аналар мен педагогтер бірлесіп жұмыс жүргізсін.
3. Балалардың күн тәртібін сақтау ата-аналардың тұрақты бақылауында болсын.
4. Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар орындалсын.
5. Ата-аналар комитетінің жаңа құрамы бір ауыздан бекітілсін.

Директор :



Е. Гаврилина



Хатшы:



Г.Т. Рыскалиева

№2АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Күні: 22.05. 2026 жыл

Өткізілген орны: «Kids Avenue» жеке балабақшасы

Қатысқандар: 47 ата-ана

Тақырыбы: «Оқу жылының қорытындысы және жазғы сауықтыру кезеңі»

Мақсаты: Оқу жылының нәтижелерін қорытындылау және жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік мәселелерін талқылау.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Оқу жылының қорытындысы.
2. Балалардың жетістіктері мен даму көрсеткіштері.
3. Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері.
4. Сауықтыру жұмыстары бойынша ұсыныстар.
5. Ата-аналар комитетінің есебі.

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ

Жиналысты балабақша меңгерушісі ашып, ата-аналарға оқу жылы бойы көрсеткен қолдаулары мен ынтымақтастықтары үшін алғыс білдірді. Балалардың жетістіктерін атап өтіп, жазғы демалыс кезеңінде олардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау мәселелеріне тоқталды.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды: Тәрбиеші Сатыбалдиева Мария Бакуовна

Тәрбиеші 2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша есеп берді. Жыл бойы өткізілген оқу қызметтері, тәрбиелік іс-шаралар, мерекелік бағдарламалар мен жобалар туралы мәлімет ұсынылды. Балалардың білім, білік және дағдыларды меңгеру деңгейлері талданып, оқу жылының нәтижелері қорытындыланды.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды: Тәрбиеші Мерекова Алия Махамбетовна

Балалардың жетістіктері мен даму көрсеткіштері туралы ақпарат берілді. Балалардың танымдық, шығармашылық, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларындағы оң өзгерістер атап өтілді. Әр баланың жеке жетістіктері мен белсенділіктері туралы айтылып, ата-аналарға алғыс білдірілді.

3-мәселе бойынша

Тыңдалды: Медбике Калиева А

Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға балаларды күннің ыстығынан қорғау, су айдындарындағы қауіпсіздік, жол қозғалысы ережелерін сақтау, табиғат аясындағы демалыс кезіндегі сақтық шаралары жөнінде кеңестер берілді.

4-мәселе бойынша

Тыңдалды: Медбике Калиева А

Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған сауықтыру жұмыстары бойынша ұсыныстар айтылды. Жаз мезгілінде таза ауада серуендеу, спорттық ойындар ұйымдастыру, дұрыс тамақтану, жеке бас гигиенасын сақтау және күн тәртібін бұзбау қажеттілігі түсіндірілді.

5-мәселе бойынша

Тыңдалды: Ата-аналар комитетінің төрайымы Кабиева Жибек Толеухановна

Ата-аналар комитетінің төрайымы оқу жылы барысында атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Балабақшада өткізілген іс-шараларға қатысуы, балаларға көрсетілген қолдауы және ата-аналармен жүргізілген жұмыстар туралы баяндады. Ата-аналар комитетінің жұмысы қанағаттанарлық деп бағаланды.

ШЕШІМІ:

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалардың жетістіктері мен даму көрсеткіштері назарға алынсын.
3. Жазғы демалыс кезеңінде балалардың қауіпсіздігіне ата-аналар тарапынан ерекше көңіл бөлінсін.
4. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған сауықтыру шаралары жүйелі түрде жүргізілсін.
5. Ата-аналар комитетінің есебі қанағаттанарлық деп бағалансын.

Директор :  Е. Гаврилина

Хатшы:  Г.Т. Рыскалиева

ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Күні: 21 қараша 2025 жыл

Өткізілген орны: «Kids Avenue» жеке балабақшасы

Тақырыбы: «Отбасындағы бала тәрбиесі»

Мақсаты: Отбасындағы тәрбиенің маңыздылығын арттыру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру және бала тәрбиесіндегі өзара тәжірибе алмасуды ұйымдастыру.

Қатысқандар: 35 ата-ана

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Отбасындағы тәрбиенің бала тұлғасының қалыптасуына әсері.
2. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі.
3. Баламен тиімді қарым-қатынас орнату жолдары.
4. Ата-аналармен пікір алмасу.
5. Ұсыныстар қабылдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша

Сөз сөйледі: Тәрбиеші Мухамбетжанова Кырмаза Хамидулловна

Тәрбиеші отбасының бала өміріндегі алғашқы тәрбие ортасы екендігін атап өтті. Баланың мінез-құлқы, адамгершілік қасиеттері мен өмірге деген көзқарасы ең алдымен отбасында қалыптасатыны туралы баяндады. Баланы сүйіспеншілікке, сыйластыққа және жауапкершілікке тәрбиелеудің маңыздылығына тоқталды.

2-мәселе бойынша

Сөз сөйледі: Психолог Казғалиева Мадина Нурлановна

Психолог бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі туралы айтып өтті. Баланың жас ерекшеліктерін ескеру, оны тыңдай білу, қолдау көрсету және жағымды эмоционалдық орта қалыптастыру жөнінде кеңестер берді.

3-мәселе бойынша

Сөз сөйледі: Тәрбиеші Сатыбалдиева Мария Бақуовна

Баламен тиімді қарым-қатынас орнатудың жолдары түсіндірілді. Атап айтқанда, баланы мадақтау, оның пікірін тыңдау, бірге уақыт өткізу және үлгі болудың тәрбиедегі маңызы айтылды.

4-мәселе бойынша

Ата-аналар өз ойларымен бөлісіп, отбасындағы бала тәрбиесіне қатысты тәжірибелерін ортаға салды. Баланың тәрбиесінде кездесетін қиындықтар мен оларды шешу жолдары талқыланды.

ШЕШІМІ:

1. Отбасындағы бала тәрбиесіне ата-аналар жауапкершілікпен қарасын.
2. Баламен қарым-қатынаста қолдау көрсету, түсіністік таныту және ынталандыру әдістері қолданылсын.
3. Баланың тәрбиесі мен дамуына байланысты балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы жалғастырылсын.
4. Психолог пен тәрбиешілердің ұсыныстары ата-аналар тарапынан ескерілсін.
5. Балалардың жан-жақты дамуына қолайлы отбасылық орта қалыптастыру жұмыстары күшейтілсін.

Директор :

Е. - М. Г.



Е. Гаврилина

Хатшы:

Г. Т. Рыскалиева

Г.Т. Рыскалиева

ШЕБЕРЛІК САҒАТЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Күні: 26 ақпан 2026 жыл

Өткізілген орны: «Kids Avenue» жеке балабақшасы

Тақырыбы: «Ата-ана және бала шығармашылығы»

Мақсаты: Ата-аналар мен балалардың бірлескен шығармашылық әрекеттерін дамыту, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, балалардың шығармашылық қабілеттерін қолдау.

Қатысқандар: 25 ата-ана, 25 бала

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Шеберлік сағатының мақсаты мен міндеттерімен таныстыру.
2. Ата-аналар мен балалардың бірлескен шығармашылық жұмысы.
3. Дайын жұмыстардың көрмесін ұйымдастыру.
4. Қатысушылардың пікір алмасуы.
5. Қорытындылау және марапаттау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша

Сөз сөйледі: Тәрбиеші Горлова Алина Вячеславовна

Тәрбиеші шеберлік сағатының мақсаты мен міндеттерімен таныстырды. Баланың шығармашылық қабілетін дамытуда ата-ананың қолдауы мен бірлескен жұмысының маңызы туралы айтты.

2-мәселе бойынша

Ата-аналар мен балалар түрлі қолөнер бұйымдарын, аппликациялар, суреттер және шығармашылық жұмыстар дайындады. Қатысушылар өздерінің қиялдары мен шеберліктерін көрсетіп, жұмыстарды қызығушылықпен орындады.

3-мәселе бойынша

Дайын болған жұмыстардан көрме ұйымдастырылды. Әр отбасы өз жұмыстарын таныстырып, олардың жасалу жолдары туралы қысқаша ақпарат берді.

4-мәселе бойынша

Ата-аналар шеберлік сағаты туралы өз пікірлерімен бөлісті. Балалар мен ата-аналардың бірге өткізген уақытының тәрбиелік мәні зор екендігі айтылды. Қатысушылар мұндай іс-шаралардың жиі ұйымдастырылуын қолдады.

5-мәселе бойынша

Белсенді қатысқан ата-аналар мен балаларға алғыс айтылып, естелік сертификаттар мен мадақтамалар табысталды. Іс-шара қорытындыланып, шығармашылық жұмыстар жоғары бағаланды.

ШЕШІМІ:

1. «Ата-ана және бала шығармашылығы» шеберлік сағаты өз мақсатына жетті деп танылсын.
2. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.
3. Ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысуы қолдау тапсын.
4. Осындай бірлескен шығармашылық іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып отырсын.
5. Қатысушылардың жұмыстары көрмеге қойылып, үздік жұмыстар марапатталсын.

Директор :



Е. Гаврилина



Хатшы:



Г.Т. Рыскалиева